



RYHANI
JANGYRY


АБАЙДЫҢ ТҰҢҒЫШ ЖИНАҒЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ

1909 жылы Санкт-Петербургте шыққан Абай шығармаларының жинағы елордадағы Қолжазбалар мен сирек кездесетін кітаптар ұлттық орталығында реставрациядан өтті.

15 қазан - Абай музейінің ашылған күніне орай, Нұр-Сұлтан қаласындағы Қолжазбалар және сирек кездесетін кітаптар ұлттық орталығында «Ұлы дала тарихының жазба мұралары» атты жылжымалы көрме келушілер назарына ұсынылған болатын. Реставратор Ж.Бейсенқұлов музей мамандарына кітаптарды қалпына келтіру жұмыстары бойынша шеберлік сағатын өткізіп, қағазды реставрациялауды тәжірибе жүзінде көрсетті. Сол мерекелік шарада орталық басшысы Айнұр Ерікқызы Абайдың 1909 жылы баспадан шыққан шығармаларының толық жинағын жаңғырту туралы ұсыныс жасап, екі жақты көлісімнің нәтижесінде бүгінгі күні мүлдем басқа кейіпке еніп отыр.

Кітапты қайта қалпына келтіру сияқты оңайға түспес бұл жұмысты орталық мамандары сапалы жүзеге асырған. Жуырда Нұр-Сұлтан қаласында орталықтың ұйымдастыруымен Абайдың тұңғыш жинағын музей директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары М.Қайрамбаева және бас қор сақтаушысы М.Абламбаеваға салтанатты түрде табысталды.

Осы орайда айта кетейік, Нұр-Сұлтан қаласында барлығы 4 реставратор бар, солардың бірі аталған ұлттық орталықта еңбек етеді.



Қолжазбалар және сирек кездесетін кітаптар орталығының мамандарына үлкен алғысымызды жеткіземіз, алдағы уақытта екі мекеме арасындағы шығармашылық байланыс нығая түседі деген ойдамыз.

Арай ТАЛҒАТҚЫЗЫ,
Абай музейінің баспасөз қызметі